

2024 – 2026 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 12-2 шешімі

Ескерту. 01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 12-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2024-2026 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5588522,3 мың теңге;

салықтық түсімдер – 1174499 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 41814,4 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 26000 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4346208,9 мың теңге;

2) шығындар – 5737374,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 48764 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 83070 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 34306 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 197616,2 мың теңге;

5-1) бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті) -0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 197616,2 мың теңге:

қарыздар түсімі - 83070 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 34306,2 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 148852,4 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.03.2024 № 15-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.05.2024 № 17-2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.07.2024 № 18-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2024 жылға арналған аудан бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

3) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

5) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

б) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

7) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.03.2024 № 15-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

8) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензолға, нефрасқа, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға акциздер;

9) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

10) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

11) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

12) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

13) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

14) жылжымалы мүлік кепілін және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

15) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

16) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.03.2024 № 15-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Аудан бюджетінің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға

беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

5) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары;

6) шетелдіктер үшін туристік жарналар;

7) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудан бюджетінің кірісі мынадай негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Облыстық бюджеттен аудан бюджетіне берілетін бюджеттік субвенция 1824190 мың теңге сомасында белгіленсін.

6. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің есебіне жатқызылады.

7. 4-қосымшаға сәйкес бюджеттің төртінші деңгейіне 491354 мың теңге сомасында бюджеттік субвенция белгіленсін.

8. Аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер бюджеттің төртінші деңгейіне ескерілсін.

Көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджетін бекіту туралы" Аққайың ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

9. 2024 жылға арналған аудан бюджетінде республикалық және облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің "2024-2026 жылдарға арналған Аққайың ауданының бюджетін бекіту туралы" Аққайың ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

10. 2024 жылға арналған Аққайың ауданының жергілікті атқарушы органның резерві 24319 мың теңге сомасында бекітілсін.

10-1. 5-қосымшаға сәйкес аудан бюджетінде қаржылық жылдың басында қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2023 жылы пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) облыстық және республикалық бюджеттен берілген нысаналы трансферттер есебінен шығыстары көзделсін.

Ескерту. Шешім 10-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.03.2024 № 15-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер қарастырылсын.

12. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының
төрағасы*

Е. Жәкенов

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 12-2 шешіміне
1-қосымша

2024 жылға арналған Аққайың ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 15.03.2024 № 15-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.05.2024 № 17-2 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.07.2024 № 18-1 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1) Кірістер	5588522,3
1			Салықтық түсімдер	1174499
	01		Табыс салығы	189057
		1	Корпоративтік табыс салығы	189057
	03		Әлеуметтік салық	607498
		1	Әлеуметтік салық	607498
	04		Меншікке салынатын салықтар	291776
		1	Мүлікке салынатын салықтар	291776
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	73046
		2	Акциздер	2648
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	61960
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	8438
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	13122
		1	Мемлекеттік баж	13122
2			Салықтық емес түсімдер	41814,4
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	8295
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	8263
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	32
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	33519,4
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	33519,4
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	26000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	26000
		1	Жерді сату	26000

4			Трансферттердің түсімдері		4346208,9
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер		2,6
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер		2,6
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		4346206,3
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер		4346206,3
Функционалдық топ	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
				2) Шығындар	5737374,5
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1009133,9
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	289521,4
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	69887,7
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	69518,7
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	369
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	219633,7

			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	185410,6
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16489,6
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	17733,5
	2			Қаржылық қызмет	2437,5
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2437,5
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1237,5
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1200
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	71717,5
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық	650226,5

				шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	96153,3
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	554073,2
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	66948,5
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65948,5

			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1000
02				Қорғаныс	24209
	1			Әскери мұқтаждар	9499
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9499
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9499
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	14710
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	14710
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	13110
			007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1600

03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1000
	9			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	1000
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1000
			019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1000
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	593159,2
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	76692
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	76692
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	76692
	2			Әлеуметтік көмек	461763,2
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту	461763,2

				және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
			004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	6467
			006	Тұрғын үйге көмек көрсету	3000
			007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	49379,2
			010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	1169
			014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	279276
				Мүгедектегі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар	

			017	адамдарды протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, міндетті гигиеналық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының	122472
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	54704
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	54704
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	50256
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу	1048

				мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	
			054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	3400
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1306990,3
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	27512
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	27512
			007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	6000
			008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	7500
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	14012
	2			Коммуналдық шаруашылық	1279478,3
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс,	

		495		тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1279478,3
			013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	11000
			016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	7774
			026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	9500
			058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту қызметтерімен қамтамасыз ету	1251204,3
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	472520,9
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	91469
		478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	73469
			009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	73469

		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	18000
			036	Мәдениет объектілерін дамыту	18000
	2			Спорт	45359
		465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	45359
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21678
			006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1062
			007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	22619

	3			Ақпараттық кеңістік	137437
		478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	137437
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	20400
			007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	115978
			008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1059
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	198255,9
		478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	198255,9
			001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру	42245

				жөніндегі қызметтер	
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8510
			004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	10121
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	8247
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	129132,9
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	113591
	1			Ауыл шаруашылығы	58711
		474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	58711
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік	53491

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5220
	6			Ж е р қатынастары	30387
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	30387
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28559,8
			003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	320
			006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін ж е р г е орналастыру	1507,2
	9			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы	24493

				басқа да қызметтер	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	22901
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	22901
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1592
			056	Жануарларға арналған баспаналар, уақытша ұстау пункттерін салу	1592
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	37179,8
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	37179,8
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	37179,8

			005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	37179,8
12				Көлік және коммуникация	575613,1
	1			Автомобиль көлігі	572636,1
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	572636,1
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	65461,1
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	507175
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	2977
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар	2977

				көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
			039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	2977
13				Басқалар	249599,3
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	15532
		469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	15532
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15532
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	97248,1
			055	Кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары	97248,1

				шеңберінде индустриялық инфрақұрылымд ы дамыту	
	9			Басқалар	136819,2
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	24319
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	24319
		478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	112500,2
			052	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	112500,2
14				Борышқа қызмет көрсету	15554
	1			Борышқа қызмет көрсету	15554
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	15554
				Жергілікті атқарушы органдардың облыстық	

			021	бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	15554
15				Трансферттер	1338824
	1			Трансферттер	1338824
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1338824
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	4
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	847466
			038	Субвенциялар	491354
				3) Таза бюджеттік кредиттеу	48764
				Бюджеттік кредиттер	83070
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау,	83070

				ж е р қатынастары	
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	83070
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	83070
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	83070
Санаты		Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	34306
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	34306
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	34306
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		01		Мемлекеттің қаржы активтерін	0

				сатудан түсетін түсімдер	
			1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-197616,2
				5-1) Бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (профициті)	0
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	197616,2
7				Қарыздар түсімдері	83070
		01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	83070
			2	Қарыз алу келісім-шарттары	83070
Функционалдық топ	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
16				Қарыздарды өтеу	34306,2
	1			Қарыздарды өтеу	34306,2
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	34306,2
			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	34306
			022	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаға	0,2

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	148852,4
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	148852,4
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	148852,4

Солтүстік Қазақстан облысы
Аққайың ауданы мәслихатының
2023 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 12-2 шешіміне
2-қосымша

2025 жылға арналған Аққайың ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1) Кірістер	3173553
1			Салықтық түсімдер	1332855
	01		Табыс салығы	201346
		1	Корпоративтік табыс салығы	201346
	03		Әлеуметтік салық	728997
		1	Әлеуметтік салық	728997
	04		Меншікке салынатын салықтар	310741
		1	Мүлікке салынатын салықтар	310741
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	77796
		2	Акциздер	2821
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	65988
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	8987
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік	13975

			органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер		
		1	Мемлекеттік баж		13975
2			Салықтық емес түсімдер		15933
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер		8309
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер		8277
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар		32
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер		7624
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер		7624
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер		26500
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату		26500
		1	Жерді сату		26500
4			Трансферттердің түсімдері		1798265
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер		0
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер		0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер		1798265
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер		1798265
Функционалдық топ	Кіші функция	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
				2) Шығындар	3173553
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	399036
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	254479
				Аудан (облыстық	

		112		маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	66842
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	66842
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	187637
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	187637
	2			Қаржылық қызмет	3402
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3402
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2100
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1302
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	141155

		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	74645
			001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	74645
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	66510
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66510

02				Қорғаныс	13110
	1			Әскери мұқтаждар	9750
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	9750
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	9750
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	3360
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3360
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1680
